Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты
Рамазанов Талгат Бекбулатовичтің «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
«**Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері**» атты
диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Монологтық дискурстың инитенциясында прагматика болғанымен адресант пен адресат арасында коммуникативтік процесс жоқ. Демек адам өзін-өзі тануының кең тарған түрі - диалог. Диалог таза шығармашылық екендігі болмыстың әлем суретін қабылдау ерекшеліктерінен байқалады. Көптеген тілдік тұлға типтерінің ойлау, таным қызметінде, оның физикалық және вербалдық мінез-құлқында көрініс табатын танымдық-психологиялық әрекеттер көркем мәтінде диалогтың түрлері арқылы қалай анықталады деген өзекті ой-проблемалар осы диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындайды.

«Көркем мәтіндегі диалогтың сипаты» тарауында диалогқа қатысты теориялық мәліметтер жан-жақты талданып, диссертанттың өзіндік ғылыми ой тұжырымымен нақты айқындалған. Көркем мәтіндегі кейіпкерлердің өзара тілдесуі, диалог құруын интерактивтік қолданыс ретінде қарстырады. Бұл ретте, диссертант көркем мәтіндегі диалогтың құрылымдық-семантикалық сипаты бойынша мәтіндегі диалогтың құрылымын *диалогтық кіріспе, диалог, авторлық кірікпе* деген жаңа атаулармен ажыратады. Ал мәтіндегі диалогтың функционалды-коммуникативтік сипатында *диалог - көркемдік қызмет атқарады, яғни адам образын жасайды деп,* когнитивті-коммуникативті ерекшелігіне орай, диалог құрамындағы лингвомәдени бірліктерінің қолданысымен мәтін түзуші автордың ұлттық танымы, аялық білімі аңғарылады деген тұжырым жасайды.

Екінші тарауда диалог арқылы этномәдени бірліктердің ақпараттық лингвомәдени ерекшеліктерін талдау барысында диссертант диалог түрлерін анықтайды. Көркем мәтіндегі диалогты *метатанымдық* және *этнотанымдық* деп жіктеу арқылы прозалық, поэзиялық драмалық, айтыс және шешендік сөздердегі диалогтарды тілдік деректермен жан-жақты талдаған. Мәселен, прозалық шығармалардағы диалогтарды *диалог-әңгіме, диалог-қалжың, диалог-арыздасу* деп атайды. Ал «диалогтық табиғат иеленген» деген өз тұжырымы бойынша, Абай қарасөздері мен Мұқағали поэзиясындағы диалогтарды – *диалогтық ойтолғам* деп, бұл ойтолғам – автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы деген қорытындысын ғылыми зерттеудің жаңалық жетістігі деп білеміз. Ал шешендік сөздер дискурсындағы диалог – қазақ танымындағы ***диалогтың озық үлгісі*** ретінде бағалап, шешендік дискурстағы диалогтардың: *сәлемдесу диалогы, жұмбақтау диалогы, жауаптасу* диалогы түрлерін анықтаған.

Қазақ диалогының гендерлік ерекшелігін зерттеу барысында гендерлік диалог түрлерін *сұхбаттасу диалогы, қалаулы диалог, сұрау диалогы, эмоционалды диалогтар* деп бөліп мысалдармен дәйектеген. Жыныстар арасындағы мінез ерекшеліктері – қазақ диалогындағы гендер ұғымын ашықтайтын негізгі тетік деп қорытындылайды. Диалогтағы сұрақ-жауап репликаларының лингвомәдени ерекшелігі, ондағы *ынталандырушы реплика* және *жауап қату репликасы* деп бөледі. Сондай-ақ, бейвербалды дискурс үлгілеріне де диалогтық сипат тән екендігін анықтап, ұлттық бейвербалды амалдар арқылы берілетін *диалогтық сипаттың моделін* жасағандығын атап айтамыз.

Үшінші тарауда көркем мәтінде жазушы қолданатын баяндау формаларының бірі диалогтар сөз етілген. Бұл ретте жазушы тілдік тұлға ретінде, шығармадағы диалогтарды Ю.Караулов ұсынатын үш деңгей арқылы, тарихи романдардағы мысалдар бойынша талдауы назар аудартатын талдау үлгісі. Мәселен, вербальды-семантикалық деңгейде жекелік метафора мен мақалдар, қанатты сөздер, фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін қарастырады. Ал тарихи романдағы диалогтар арқылы танылатын тілдік тұлғаның екінші деңгейі – лингвокогнитивтік деңгей деп, диалогты дискурсты тілдік деректермен дәйектеген. Тарихи романдағы диалогтар арқылы танылатын тілдік тұлғаның үшінші деңгейі – прагматикалық деңгей екендігін дәлелдеген. Тілдік тұлға деңгейлерін анықтауда диссертанттың осындай ғылыми талдаулары басқа ізденушілер мәтін талдауда кейін өз жалғасын табады деген үміттеміз.

Диссертант сөйлеу актілерінің құрылымы иллокутивті, локутивті және перлокутивті деңгейлеріне қарай, диалогтағы жазушы ұстанымына назар аударған. Мәселен, тарихи шығармалардағы иллокутивті акті тартысқа құрылып, автордың ұстанымын айқындайды екен. Ал локутивті акті көркем шығармадағы сюжет желісі арқылы көрініп отырып отырады. Перлокуция адамдардың коммуникацияға түсуінің қозғаушы күші деп түйіндейді. Көркем шығармадағы диалогтың кейіпкер бейнесін беруде қолданылатын ынтымақтастық стратегиясын *қолдау, тілектестік, мақтау, кеңес беру, өтіну, келісім беру, қызығушылық тактикасы* деп өзіндік тұжырым жасайды.

Диссертанттың зерттеу жұмысының мақсатына сай, міндеттері ғылыми талапқа сай толық сараланған. Қорыта келе, докторант Т.Б. Рамазановтың ««8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «**Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері**» атты диссертациясы толық аяқталған жұмыс деп бағалаймын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры Г.Н. Смағұлова